

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - С.149-150

## ТЫҢАЙТҚЫШ ҚОЛДАНУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДӘЛМЕ - ДӘЛ ЕГІНШІЛІКТЕГІ ОРНЫ

*Зателбай М.З., Кузданова Р.Ш.*

«Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Бағзы замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті» [1], рухани жаңару ол саяси реформа және экономикалық жаңаруды қолға алу ҚР азаматының міндеті, яғни біз кешегі болашақпыз ата-бабамыз сеніп қалдырған кең байтақ жерін сақтап оны келер ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз, азаматтық борышымыз болып саналады. Қазіргі уақытта әлемдік аграрлық экономика мен демографияның жаңа үрдістері қалыптасуда, өңірдегі ықпалдастыру процестері нақты дами бастады, жаһандық климаттық өзгерістер болуда. Алайда, осы саладағы еңбек өндірістігінің төмен деңгейі, пайдаланылатын технологиялардың жетілдірілмегендігі, өндірістің ұсақ тауарлы болуы ауыл шаруашылығы өндірісін қарқынды негізде жүргізуге, материалдық, еңбек және басқа ресурстарды неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз етуге, экологиялық талаптарды сақтауға мүмкіндік бермейді.

Ауыл шаруашылығын бәсекеге қабілетті деңгейге жеткізу үшін жаңа үздік технологияларды сонымен қатар ұзақ жылдар бойы зерттелген ғылыми түрде негізделген әдістемелерді қолдану керек. Бұл технологиялар өнім деңгейіне, топырақтың әлеуетті қабілетін көтеруге және экологиялық тұрғыдан таза өнім алуға оң әсерін тигізуі қажет. Оның ішінде егіншілікті химияландыру, мелиоративтік шаралар жүргізу, ауыспалы егіс пайдалану тағы басқа шаралар тиімді және дұрыс орындалу қажет. Қазіргі таңда бізді қобалжытатыны көп жеке меншік шаруа қожалықтарында өткен ғасырдан дәлелденген қайтарым заңы орындалмайды, яғни алынған өніммен бірге топырақта қоректік заттар мөлшері кемиді, сонымен қатар табиғаттың қатаң климат жағдайы да топырағымызды тоздырады, ал бір топырақ түйірі пайда болу үшін 300 жылдан кеме емес уақыт қажет, сондықтанда біз кешегі

болашақ барлық бойымызға жиналған күш-қуатпен білімімізді еліміздің сарқылған байлығын орына келтіруіміз қажет.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы оның ішінде егін шаруашылығын дамытуда көптеген жолдары бар, оны тек аймақтың топырақ-климат жағдайы, агрохимиялық көрсеткіші және топырақтың әлеуетті құнарлылығына және шару қожалықтың әл-ауқатына байланысты ұсынылады, тыңайтқыш қолдану жүйесінің басты міндеті тепе-теңдік балансын жоғалтқан өңделетін қабаттың қалпына келтіріп, бір қалпы ұстап тұру, топырақтың физика, физика-механикалық қасиетіне (тығыздығы, су сіңіру қабілеті т.б.), топырақ орта реакциясына яғни қышқылдылығы мен сілтілігіне оң әсерін тигізу.

Еңбек өнімділігінің бағыты - заманауи негізде нүктелі жер өңдеу, алқаптардың электронды карталары, нақты метеодеректер, сенсорлар және датчиктер, ғарыш мониторингі және басқа да шешімдерді пайдалана отырып, дәлме-дәл егіншілік элементтерін енгізу аясында агроқұрылымдарда нақты технологияларды енгізудің экономикалық моделін әзірлеу болып тсаналады [2]. Осындай дәлме – дәл егіншілікте smart технологиясын қолдана отырып, нақты мәліметтер арқасында сапалы өнім алу кепілдігінің барлық жолы қарастырылады, яғни ол егілетін тұқым, өсімдік физиологиясы мен қолданылатын техника, минералды және органикалық тыңайтқыштарды ғылыми негізделген енгізу мөлшері мен тәсілін, қоданылатын ауыспалы егіс және тағыда басқа топырақпен дақылдың қажеттілігін толық қамтамасыз ету үшін құрастырылатын жүйе. Технологиялық жетістіктер мен портативті механикалық және электронды құрылғылардың мөлшерін азайтудың арқасында сенсорлар көптеген салаларда, соның ішінде ауыл шаруашылығында, датчиктер мен олардың бірегей функциялары өнімділікті жоғарылату үшін де, операциялық шығыстарды да төмендетуге өте пайдалы болатын. Бұл жеңілдіктер дер кезіндегі шешім қабылдауға мүмкіндік береді [3].

Яғни бұл жүргізілетін жұмыстар еліміздің көбінесе солтүстік аймағында дамып, жанданым келе жатыр smart технологиясын қолдана отырып, нақты нәтиже арқылы жаңа технологияларды жаңарту және сапалы, жоғары өнім алу үшін, рентабельдігі жоғары, экономикалық тиімді жоба құрастырылуы қажет, тыңайтқыш қолдану жүйесінің егіншілік жүйесінде маңызы осы болып табылмақ.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаев. Болашаққа көзқарас: рухани жаңғыру. – Айқын газеті. - 13 сәуір 2017 жыл.
2. Агроөнеркәсіптің цифрлы технологиясы. – Егемен Қазақстан газеті. - 16 ақпан 2018 жыл.
3. Cardin-Pedrosa M. Model for decision-making in agricultural production planning // Computers and electronics in agriculture. – Web of Science. - 2012, Volume 82, pp 87-95.